



Автор: Оспанбекова Динара Рымхановна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Адами құндылықтар
Тақырып: Қазыналы қарттың тәлімі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.6.1. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстыру, бағалау 4.2.6.2. Аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Оқушылар адами құндылықтарды ажырата алады, рөлге бөліп оқу арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыра алады. Сұрақ-жауап арқылы мәтіннің жанрын анықтайды. Көптеген оқушылар: Құндылықтардың біріне түсіндірме бере алады, шығармашылық сұраққа жауап береді Кейбір оқушылар: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алады.
Тілдік мақсаттар:	Сөйлемдерді толық құрау, ойын толық жеткізу жұмыстары
Күтілетін нәтиже:	ейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстыру, бағалайды.
Бағалау критерийлері:	Мәтіннің негізгі идеясын ашады Мәтіннің жанрын анықтайды Кейіпкерлерге мінездеме береді Рөлге бөліп оқиды
Құндылықтарды дарыту:	Өз туған жерін сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1. Ұжымдық жұмыс «Кел танысайық» Мақсаты: Оқушылармен танысу мақсатында, жаңа құндылық бөліміне кірісу барысында жүргізіледі. Нұсқаулық: Оқушылар тізбектеле бірінен соң бірі өз есімдерін алғашқы әрпінен келетін сөзбен өзіне сипаттама береді. Мысалы: Әсем-әдемі, Әлібек-әділ Қорыту: Есімдеріңе таңдаған сөздерің дәл үйлесіп кеткен қандай. Мен өзімді ай-жұлдызға теңеймін, Бірақ, әрине «жұлдызбын - мен», демеймін. Өз есімім өзім үшін ең құнды... Сыныптасымның басқасын да елеймін.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>2. Жұптық жұмыс. «Мен үшін құнды» Мақсаты: Сөйлемдерді оқып, өз ойларын айтады. Нұсқаулық: Жұпта екі оқушы оқып талдайды, талқылайды. Адам үшін құндылығын айтады. Дискриптор: - Жұппен талқыланады - Оқушы сөйлемді қатесіз оқиды - Өз ойын ерекше, түсінікті жеткізеді Қорыту: Осы айтылған мысалдарыңның бәрі адам үшін қажет, құнды қасиеттер, асыл сөздер. Сендер талдап кеткен құндылықтар рухани және адами құндылықтар. Бұл біздің ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтардың бірі - ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары. Төле би. 1663-1756жж Жамбыл облысы, Шу өзені, Жайсаң жайлауында дүниеге келді. Ташкент қаласында 12 жыл билік жүргізді. Кесенесі сол жерде. 3. Топтық жұмыс. «Блум түймедағы» Мақсаты: Топпен бөлінген мәтінді талдау, кейіпкерлерге мінездеме беру Нұсқаулық: -іштей оқиды -сөздікпен жұмыс - рөлге бөліп оқиды -сұрақтарға жауап береді</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Қарапайым сұрақ -Кейіпкерлерді ата 2.Анықтаушы сұрақ -Мәтіндегі жағымсыз кейіпкерлер кім? 3.Түсіндіруші сұрақ -Нысапсыз бай мен Қайырымсыз байға қандай адами құндылықтар жетіспейді? 4.Шығармашылық сұрақ -Мәтін неліктен «Қазыналы қарттың тәлімі» деп аталады? 5.Бағалау сұрағы - Негізгі идея мен тақырыбын тап, ауыз әдебиетінің қай жанрына жатады? 6.Тәжірибелік сұрақ -Төле бала Қоңқа қарттан қандай тәлім алды? 	
Сабақтың соңы (5 минут)	«Біздің шеңбер 3600-қа тең» әдісі бойынша бағалау	
Рефлексия (3 минут)	"БББ" кестесі	